

Тоқмансай негізгі мектебі

Қамқоршылық кеңес отырысының №2 хаттамасы

Күні: 16.09.2024

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

1. Алдашев Р.Ж-қамқоршылық кеңес төрағасы
2. Акбергенов С.Г-кеңес мүшесі
3. Айжарикова Н.Б-кеңес мүшесі
4. Сарыжданова Ш-кеңес мүшесі
5. Тулепов А.М-акеңес мүшесі
6. Нурмагамбетова С-кеңес мүшесі
7. Джамиева Қ-кеңес мүшесі

Қатысқандар:

1. Мектеп директорының м.а-Нурмагамбетова Г.К
2. Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары-Э.Қ.Нурмагамбетова
3. Әлеуметтік педагог-Куржинбасва К.С

Күн тәртібінде:

1. Мектепте ыстық тамақтың берілуі
2. Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту мәселелері

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Нурмагамбетова Э.Қ сөз алды.

2024-2025 оқу жылы бойынша ыстық тамақпен қамтылатын оқушы саны-25 .1-4 сынып оқушылары тегін ыстық тамақпен қамтылады.Әртүрлі санаттағы оқушылар жоқ.Асханамыз тар және келген азық-түлікті сақтайтын қойма болмағандықтан тамақтануға оқу жылының басында рұқсат берілмеген болатын.Тегін тамақ болғандықтан оқушылар қалайда тамақтану керек екенін біліп өзімізше әрекет жасап ауыл әкіміне шығып шешімі табылды.Мектептің бір кабинетіне тамақ ішеді және сол кабинеттің бір бөлігінен қойма жасалды.Биылғы оқу жылында мектебіміз біраз жаңарды көптеген жабдықтар келді .Асханаға су құбыры жүргізіліп ыдыс жуатын,шаятын үш секциялы жуғыш берілді. Балаларға тамақ ішетін стол орындықтарымен келді.Қоймаға азық-түлік қоятын шкаф асханамыз біраз жаңарып қалды.

Екінші мәселе бойынша мектеп директорының м.а Нурмагамбетова Г.К сөз сөйледі.

Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында жыл сайын қажетті заттарға сұраныстар беріледі.Биылғы оқу жылында мектебіміз модернизацияға ілігіп біраз жаңартулар болды.Дегенменде мектебімізде жылдын жылға бала саны көбеюде соған байланысты жаңа мектеп сұрап сұраныс бергелі отырмыз.Себебі келесі оқу жылында балалар үш ауысымда оқияын деп тұр.Класс кабинеттер жетіспейді.Қазіргі таңда оқушылардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында қосымша үйірмелермен қамтылу керек.Бала жан –жакты даму үшін барлық жағдай жасалу керек деп ойлаймын.Қазіргі

оқып отырған кабинеттер да өте тар. Сондықтан сіздер да осы мектеп мәселесіне ат салыссаныздар деп айтқым келеді.

Қамқоршылық кеңестің шешімі:

1. Мектепте ыстық тамақтың берілуі бақылауға алынсын.
2. Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту мәселелері жалғасын тапсын

Кеңес төрағасы:  Алдашев Р.Ж

Хатшы:  Нурмагамбетова Э.К